

Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласын дамыту жөніндегі қосымша шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 9 сәуірдегі N 525. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Ел экономикасын өркендетуді жеделдетуге қажетті қазіргі заманғы инфрақұрылым құру және импорттық электр энергиясының орнын ауыстыру үшін өзіміздің энергия өндіруші қуаттарымызды дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаментімен бірлесіп "КЕГОК" акционерлік компаниясы активтерінің концессиясы туралы шартты жасау кезінде келісім-шарттағы концессионердің міндеттемесінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің келісімімен электр энергетикасының жаңа объектілерін салып жатқан қазақстандық өндірушілерден электр энергиясын, рынок конъюнктурасын ескере отырып, басым тәртіппен сатып алуын көздерін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаменті аймақтық энергетикалық компанияларды жекешелендіру кезінде келісім-шарттарда жаңа қожайындардың міндеттемелерінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің келісімімен электр энергетикасының жаңа объектілерін салып жатқан қазақстандық өндірушілерден электр энергиясын, рынок конъюнктурасын ескере отырып, басым тәртіппен сатып алуын көздерін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.Т.Дүйсеновке жүктелсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі